



СОЦИАЛИЗАЦИЯ  
ВОСПИТАННИКОВ  
ДЕТСКИХ ДОМОВ



ПРОЕКТ  
НАСТАВНИКИ



# ОСОБЕННОСТИ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА

НҰР-СҰЛТАН, 2019



### **Кіріспе**

Бұл «Жасерекшелік психологиясы» курсы, 8 курстан тұратын тәлімгерлер мектебінің құрамдас бөлігі болып табылады. Курсты Қазақстандағы «Тәлімгерлер» жобасының жетекшісі дайындаған.

### **Бұл курс неге арналған?**

Курстың мақсаты – жоба туралы: оның мақсаттары, миссиясы, міндеттері мен ережелері, сондай-ақ жоба бағыты туралы толық ақпарат ұсыну.

### **Бұл курс кімге арналған?**

Курстың басты мақсат көздеуші аудиториясы әлеуетті тәлімгерлер, сондай-ақ өз өңірлерінде бағдарламаны іске қосуға тілек білдірген үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері болып табылады.

**Курсты оқып-үйренудегі мақсат:** балалар үйінің баласына тәлімгерлік жасау және оның бағыттары туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу.

### **Курсты оқып-үйрену нәтижесінде қандай білім мен дағдыларды игереміз:**

- Неліктен тәлімгерлік балаларды, әсіресе асырап алыну мүмкіндігі мүлде аз балаларды әлеуметтендірудің тиімді түрі болып табылатынын білу;
- Тәлімгерге айналу кезеңдерімен танысу;
- Жобаға қатысы және жұмыс істеу ережесін оқып-үйрену;
- Тәлімгерлік түрлерін ажырата білу.

### **Бұл курстың ерекшелігі неде?**

Аталмыш курс «Тәлімгер» жобасының Қазақстанда жүзеге асырылу тәжірибесіне, сондай-ақ үздік халықаралық тәлімгерлік бағдарламалар зерттеулері мен тәжірибелеріне негізделген.

Бұл курс сіздер үшін пайдалы болады деп үміттенеміз. Біз сіздер пікір жіберсеңіздер өте қуанышты боламыз және сіздердің кез келген идеяларыңызды, ескертулеріңізді және осы модульде баяндалған технологиялармен әдістемелерді пайдалану тәжірибелеріңіз туралы хабарламаларыңызды алғыс білдіре отырып қабыл аламыз.

Электронды поштамыз: [astana@nastavniki.kz](mailto:astana@nastavniki.kz).



# Мазмұны

4

КІРІСПЕ

4

ЖАСӨСПІРІМДЕР  
ЖАСЫНЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

4

Жасөспірімдік  
кезең-физиологиялық  
есею

7

Жеке тұлғаның  
қалыптасуы

9

Жасөспірімдік  
мінез-құлықтың шынайы  
мақсаттары

11

Мағыналық  
кедергі және  
«клиптік ойлау»

12

Сексуалдық  
даму

13

Гаджеттер

ЖАСӨСПІРІМДІ  
ГАДЖЕТТЕН ҚАЛАЙ  
АЖЫРАТУҒА БОЛАДЫ?

14

# Кіріспе

Әдетте ересектер олар мектептің кіші және орта сынып оқушылары болып табылатын өсіп келе жатқан балалардың тәлімгері болады. Мектеп оқушылары – қалыптасқан мінез-құлқы, белгілі бір әдеттері, қалауы, тілегі бар балалар. Тәлімгерлер сенім мен қолдау негізінде қарым-қатынасты құру және дамыту үшін шыдамды, төзімді және дана болуы керек. Ол үшін көп күш салу керек болады. «Тәлімгерлер» жобасының тәжірибесі бойынша, олар мақсатқа ұмтылушы адамдар – балалармен достық қарым-қатынасты орната және сақтай алады.

Баласымен достаса отырып, тәлімгерлер оның тәрбиесі мен әлеуметтенуіне баға жетпес үлес қосады. Бірақ ересектерге бәрін басынан бастау керек сияқты болып көрінетін уақыт келеді. 12-13 жастан кейін балалар жасөспірімдер жасына жетеді. Бұл кезеңде балаларда бәрі – олардың сыртқы келбеті, мінез-құлқы, қалауы, тілегі, дүниетанымы, құндылықтары өзгереді. Тәлімгерлер не істерлерін білмей қалады: олар өз қамқорлығына алған балаларды танымай қалады, олардың өзгерген мінез-құлқына сай қалай әрекет ету керектігін білмейді, олардың шешімдері мен әрекеттерін түсіндіре алмайды. Осы жаста балалар ересектерді тыңдауды қоятынын ескере отырып, тәрбиеленушілер жиі қолайсыз немесе жанжалды жағдайларға ұшырайды, бірақ бәрібір де, ересек достарынан кеңес немесе көмек сұрамайды. Сондықтан ересектер өз қамқорлығына алған балаларды әрдайым қолдап отыру үшін аса мұқият және дана болу керек. Бұл үшін жасөспірімдер кезеңіне кіретін балаларда не болып жатқанын түсіну маңызды.

Біздің таныстарымыз – тәлімгер Айнагүл және оның қамқорлығындағы Аленаны мысалға ала отырып жасөспірім жастың ерекшеліктерімен танысайық.

## ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Жасөспірімдік кезең – физиологиялық есею

1



Тәлімгер:

Менің тәрбиеленушім Аленка 13 жасқа толған соң, ол мені өз мінез-құлқымен және күтпеген пікірлерімен таң қалдыра бастады. Біз достасқан бір жарым жыл ішінде мен оған үйреніп алдым және қандай да бір ұсыныстарға немесе өтініштерге оның қалай жауап беретінін, мінез-құлқы қалай болатынын оңай болжай алатын едім. Бірақ кенеттен бәрі өзгеріп кетті!

Бәрі Аленканың қатты тартылып өсіп кетуінен басталды. Маған ол күн санап емес, сағат санап өсіп жатқандай көрінді. Әдеттегідей, әр сенбі күні оған келген сайын, оның бойынан қандай да бір өзгеріс табатын болдым. Ол әдемі болып кетті деп айтуға келмес – керісінше, бетінің терісі сәл бұзылды, бірақ оның бойы өсіп, тартыла түсті. Ақырындап бойжеткен болып қалыптаса бастады. Сонымен қатар оның қозғалысы дөрекіленіп, ебедейсіз бола бастады, ол бүкірейіп жүре бастады. Тіпті жүрісі де өзгерді! Мен қызымның есейетін уақыты келгенін түсіндім, бірақ бұл мені аздап мұңайтты.





**Психолог:**

Егер досыңызда мынадай өзгерістер бар екенін көрсеңіз:

- бойы тез өсуде – оның бойы тартылып келеді;
  - салмағы өзгерді – бала тым арық немесе керісінше – толық бола бастады;
  - бетінде және арқасында безуеу пайда болды;
  - жүрісі өзгерді;
  - қозғалысы ебедейсіз болып кетті;
- екіншілікті жыныстық белгілер дамыды (ұлдардың мұрты тебендеді, кейін дауыстары өзгерді, қыздардың омырауы өсіп, дене пішімі өзгерді)

- демек, сіз қамқорлыққа алған бала жасөспірімдер жасына енді. Бұл жылдам өзгерістер мен ауыр ізденістер уақыты. Жасөспірімдер жасындағы өзгерістер негізгі үш саладағы: денедегі, психологиялық және әлеуметтік қайта құрылумен байланысты. Физиологиялық өзгерістер – есею үдерісінің бір бөлігі ғана.

**Е**ң алдымен, жасөспірімдік жас, бәрінен де бұрын жыныстық жетілуге (жасөспірімдік кезеңі) негізделген баланың бүкіл ағзасының қайта құрылуымен байланысты. Ішкі секрецияның жыныстық және басқа бездерінің қызметін жандандыру қарқынды физиологиялық дамуды тудырады. Бұл кезеңде ағза биологиялық жыныстық жетілуге жетеді.

Тәлімгерлерге осы кезеңнің ерекшеліктері ағзаның дамуы мен өсуінің қарқындылығы мен біркелкі еместігін – «жасөспірімдік секіріс» екенін білу маңызды, бұл ұлдар мен қыздардың даму қарқынының біркелкі еместігін және айтарлықтай жеке ауысымдылығын анықтайды. Жасөспірімдік кезеңнің басталуын осы қарқыны мен дене пропорцияларының өзгеруі бойынша байқауға болады. Егер жасөспірімдік кезең басталғанға дейін осы қарқыны салыстырмалы түрде төмен болса, ал дененің ұзаруы негізінен дене өсуінің есебінен болса, ал осы кезең басталған кезде аяқ-қолдың ұзарып өсуі жеделдейді.

Жыныстық жетілу басталады. Ол қыздар мен ұлдарда әр түрлі күнтізбелік жас кезінде болады: қыздарда бұл 11-12 жаста, ал ұлдардың көпшілігінде 12-13 жаста. Даму циклінде жасөспірім жастың ерекше жағдайы оның басқа атауларында көрсетілген: «қиын», «сындарлы» - оларда осы жаста болатын даму үдерісінің күрделілігі мен маңыздылығы байқалады.





## **Не істеу керек? Психологтар мен педагогтардың тәлімгерлерге кеңесі**

Ағзада болып жатқан өте белсенді үдерістердің тұрақсыздығынан балалар әдеттегіден де гөрі ересектер тарапынан басшылық пен «жұмсақ» бақылауды қажет етеді.

Ең алдымен, тамақтануды бақылау ұсынылады. Баланың ағзасы қауырт өсе береді, сәйкесінше, энергияның үлкен қоры талап етіледі. Даму қалыптан ауытқымауы үшін пайдалы өнімдердің арнайы жиынтығы қажет (осы кезеңде балаларда мырыш, темір, кальций және D дәруменіне қажеттілік 50%-ға өседі). Жасөспірімдік кезеңде анорексия немесе булимия сияқты тағамдық тәртіптің бұзылуы пайда болуы мүмкін. Бұл қауіпті бұзылуларға жол бермеу үшін бақылау маңызды. Әрине, тәлімгердің баланың тамақтануын бақылауы оңай болмайды, бірақ бұл туралы үнемі есте ұстау және жасөспірімге дұрыс тамақтанудың қажеттілігі туралы ескертіп отыру қажет.

Ең бастысы, тәрбиеленушіге онда болып жатқан өзгерістер себебін түсіндіру керек. Есеюдің қиындықтары туралы айту қажет. Ол бастан кешіп жатқан ыңғайсыздықтар уақытша екеніне баланың көзін жеткізу қажет. Көп ұзамай «ұсқынсыз үйрек» «әдемі аққуға» айналатынын, тек біраз күту және ережелерді орындау қажет екендігін түсіндіру керек. Жасөспіріммен бірге салауатты өмір салтының негіздерін қамтитын есею ережелерін талқылаған жақсы болар еді:

- күнделікті физикалық жаттығулар;
- міндетті гигиеналық рәсімдер;
- дұрыс тамақтану;
- зияткерлік сабақтар (оқу, сурет салу, музыка және т.б.);
- жеткілікті ұйқы.

Жасөспірімді осы күрделі емес ережелерді орындауға ынталандыру маңызды. Ағзада тек қана денсаулық қана емес, сонымен қатар болашақ сыртқы түрдің негізі қаланатын уақыт келгенін түсіндіріңіз. Әдемі мүсінді немесе бұлшық еттерді (ұлдар үшін) дамыту үшін бірнеше тиімді дене жаттығуларын көрсетіңіз. Мысалы, бір тәжірибелі тәлімгер тәрбиеленушіні

басына кітап қойып жүруге үйретті, осылайша қыз бала мүсінін түзеді. Күнделікті гигиеналық рәсімдердің маңыздылығы туралы аса мұқият түсіндіру қажет – бұл репродуктивті жүйе саулығының кепілі. Егер тәлімгер жасөспірімді қандай да бір интеллектуалды жұмысқа қызықтыра алса, балаға өзін-өзі сәйкестендіру кезеңінен өту және құрдастары топтарында тәуелсіз болу оңайға түседі.

Әр кездесу кезінде тәлімгердің жасөспіріммен оның физикалық жағдайы мен ережелерді орындауы туралы айтқаны жөн – бұл баланың денсаулығын бақылауға және болуы мүмкін мәселелердің алдын алуға көмектеседі.



# 2

## Жеке тұлғаның қалыптасуы



**Тәлімгер:**

Аленканың мінез-құлқы өзгере бастады – бұл біздің қарым-қатынасымыз шиеленісуінің көзіне айналды. Ол мені тыңдағысы келмеді. Мектеп мұғалімдері мен балалар үйінің тәрбиешілерін сынға алды. Олар оны түсінбейтінін және оған ескерту жасау оларға ләззат береді



**Психолог:**

Адам солай жаратылған, ол осы мен даму барысында физиологиялық тұрғыдан ғана өзгерістерге ұшырап қоймайды – оның бойы өсіп және салмағы артып қана қоймай – жалпы сыртқы келбеті өзгереді. Ең көп өзгерістер жасөспірімнің психикасында болады. Бұл өзгерістер

оңай болмайды, есеюдің әрбір кезеңі әркім әр түрлі жағдайда бастан кешетін дағдарыстармен белгіленген, бірақ әрдайым дамудың жаңа бағыттарына бастау болады.

Өмірінің осы қысқа мерзімі, 5-6 жыл ішінде, жасөспірім дамудың аса үлкен жолынан өтеді: өз-өзімен ішкі қақтығыстар арқылы, қоршаған ортамен, социуммен жаңа өзара іс-қимыл жасау арқылы адам тұтастыққа ие болады және жетілген тұлғаға айналады. Тәлімгер өзінің қамқорлығындағы баланың өсіп-жетілу үдерісінің куәгері және қатысушысы болып табылатындығын және жасөспірімге осы жолдан өтуге көмектесе алатынын есте сақтауы тиіс.

Жасөспірімнің басынан қандай жағдай өтуде?

- Жасөспірімге эмоциясын игеру немесе оларды жеткілікті түсіндіру қиын.
- Көңіл-күйдің жиі өзгеруі, шаршаңқылық, шыдамсыздық тән.
- Іс-әрекеті сылбыр болып, салғырт сипатқа ие.
- Өз-өзіне және айналадағыларға қатысты негізсіз ашулану әрекеттері орын алады.
- Жасөспірімдерде артық осалдық, өзіне-өзі қол жұмсауға бейімділік пайда болады.

дейтін болды. Сонымен қатар, ол үнемі өзінің сыртқы келбетіне көңілі толмай жүрді және өзін ұсқынсызбын деп есептеді. Алена бұл мәселе бойынша қатты жүйкесін жұқартты – оған басқа барлық адам өзіне назар аударып, оның бетін, шашы мен киімін қарап тұратындай көрінді. Ол үнемі қолдарын кеудесінде айқастырып ұстап, айналасындағылардан осылай қорғануға тырысатындай көрінді.

- Ұсақ және ірі қозғалыстарды үйлестіруде бұзылушылықтар жиі пайда болады, жасөспірімдер күйгелек, ебедейсіз болып кетеді, көп артық қимылдар жасайды. Бұл дене пропорциясындағы кейбір өзгерістерге байланысты, бұлшықеттердің жаңа арақатынасы мен қозғалыс жүйесінің қайта құрылуынан болады.
- Салақтық, денесінің иісінің өзгеруі байқалады.
- Есею үдерісі сөйлеуінің дамуына да әсер етеді. Әсіресе бұл ұл балаларға қатысты. Олардың сөзі стереотипті және қысқа бола бастайды.
- Жасөспірімдік жастағы дененің қарқынды өсуі мен ағзаның қайта құрылуының арқасында өз келбетіне қызығушылығы күрт артады.
- Физикалық тұрғыдағы «Меннің» жаңа бейнесі қалыптасады. Гипертрофиялық өзіндік маңыздылығына байланысты бала сыртқы келбетінің нақты және жалған болуы мүмкін барлық кемшіліктерін қатты уайымдайды.
- Ересектік сезімі пайда болады – өзін ересек адам ретінде сезіну, кіші жасөспірім жасындағы орталық жаңа түзілім. Егер тіпті ол болмаса да, тіпті болмаса ересек болып көріну және есептелу ниеті пайда болады.
- Өзінің жаңа құқықтарын қорғай отырып, жасөспірім өз өмірінің көптеген салаларын ересектердің бақылауынан қорғаштайды және олармен қақтығысқа жиі барады.
- Сонымен қатар, эмансипацияға ұмтылудан басқа жасөспірімге құрдастарымен қарым-



қатынас жасауға қатты қажеттілік тән. Жасөспірім жастағы достық және бейресми топтарға бірігу пайда болады.

- Осы кезеңдегі жетекші қызмет интимді – жеке қарым-қатынас болып табылады.
- Жарқын, бірақ әдетте бір-бірін ауыстаратын әуесқойлықтар да пайда болады. Жасөспірімдік кезеңге кірген кезде бала, нонконформистке, өз құқықтары мен өз ниеттерін орындау үшін белсенді күрескерге айналады.
- Жасөспірімде үлкендер тарапынан құрметтеуді талап ететін құпиялар пайда болады. Ол тәуелсіздікке және өзінің өмір сүру стиліне құқылы болуға ұмтылады. Үлкендермен даудамай негізінен киімді, шаш үлгісін, бос уақыт өткізуді, мектептегі істер мен материалдық талаптарды таңдау бойынша орын алады.

Бұл өте маңызды кезең, өйткені дәл осы уақытта бала шын мәнінде ересек адамға – әлемге өзіндік көзқарастары, қызығушылықтары және жеке өмірі бар дербес адамға айналады. Бірақ бұған дейін ол түрлі қиындықтарға тап болады. Жасөспірімдік жас үлгерімнің нашарлауымен, жұмыс қабілеттілігінің төмендеуімен, жеке тұлғаның ішкі құрылысындағы үйлесімсіздікпен сипатталады. Адамдық «Мен» және әлем басқа кезеңдерден де гөрі екіге жарылып бөлінеді.

Физикалық тұрғыдағы «Мен» бейнесіне және өзіндік санаға жалыпы алғанда жыныстық жетілу қарқыны әсер етеді. Кеш жетілетін балалар ең азырақ тиімді жағдайда болады – олар ұзағырақ уақыт бала болып қалады. Акселерация жеке даму үшін қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Жасөспірімдер жасындағы бірінші кезектегі психологиялық міндеттердің бірі шешім қабылдауда, пайымдауларда, іс-әрекеттерде дербестік алу, яғни өзіне және өз өміріне қатысты анағұрлым кемел, ересек ұстанымды қалыптастыру болып табылады.



### **Не істеу керек? Психологтар мен педагогтардың тәлімгерлерге кеңесі**

Жасөспіріммен қарым-қатынас жасаған кезде ересектер келесі ережелерді ұстануы қажет:

- Жасөспірімнің қажеттіліктеріне құрметпен және түсіністікпен қарау, алайда дәйекті және табанды болу маңызды.
- Жасөспірімдердің сезімдеріне, ойларына және наным-сенімдеріне ерекше назар аудару. Олар үшін бұл өте маңызды. Жасөспіріммен сөйлескенде, ішкі күйзелістер туралы сұраңыз, оның сөзіне мұқият болыңыз, асықпаңыз. Мысалы:
  - .... болған кезде сен нені сезіндің?
  - Бұл жайлы сен не ойлайсың?
  - Неге сен осылай деп шештің?
- Жасөспірімге өзінің қорытынды жасауына немесе шешім қабылдауына көмектесу керек. Көбіне-

**Есею кезеңінің негізгі мақсаты өзін-өзі нақтылау және өзін толыққанды тұлға ретінде дәлелдеу болып табылады.** Өсудің қиындықтарына ықпал ететін ішкі факторлардың бірі баланың рефлексияға, өзін-өзі тану механизміне қарай дамып келе жатқан қабілеті болып табылады. Бұл жаста бала мінез-құлқының, өзін-өзі ұстаудың жеткіліксіздігінен және сыртқы келбетінің өзгерістерінен зардап шегеді.

Мұғалімдер немесе басқа да ересектер тарапынан, әсіресе достары немесе туған-туысқандары көз алдында жасалған сын ескертпелер жасөспірімнің жанын жаралап, толыққанды болмау комплексінің дамуына себеп болуы мүмкін. Шынайы немесе жалған өкпе-реніштер қоршаған ортамен қақтығыстарға апарып соғуы мүмкін.

Өзінің ішкі әлеміне қызығушылықтың пайда болуы маңызды рөл атқарады. 12-13 жасқа дейін бала үшін өзі танитын және үлкен қызығушылықпен зерттейтін, оған өзінің қиялын, қобалжулары және эмоцияларын бағыттайтын сыртқы әлем маңызды рөл атқарады. Ал есею кезеңінде бала өз қобалжуларына, өзінің қоршаған адамдар мен құбылыстар әлеміндегі жағдайына қызығушылық танытып, өзі ішіне үңіле бастайды, өзінің бірегейлігін түсіне бастайды.

Ата-аналары тастап кеткен балаларда есею кезеңі өте қиын өтуі мүмкін. Олар үшін сыртқы әлем тұрақсыз және қауіпті болып табылады. Олар оған деген сенімді сезінбейді және өздерін болуы мүмкін соққылардан қорғауға тырысады. Сондықтан балалар үйінде тұратын жасөспірімдердің мінез-құлқы көбінесе өте сақ, сенімсіз және агрессивті болады. Олардың бұрынғы ішкі қақтығыстары шешілмеген және есею кезеңі оларды қиындата түсуі мүмкін. Олар үшін есею кезеңі өткеннің қайшылықтарын шешу, жанына жарақат салатын естеліктерді еңсеру және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасау үшін өте маңызды болып табылады.

се ересектер балаларға көмектесуге және оларды қателіктерден қорғауға ниет білдіре отырып, олар үшін шешім қабылдайды, мол тәжірибе мен білімінің болуы оларға жеке-дара шешім қабылдауға құқық береді деп ойлайды. Кіші жасөспірімдік жастағы балалар ересектердің шешіміне тек олармен ақылдаспағандықтан ғана қарсылық білдіретінін ескеру қажет. Балаға өз қателіктерінен үйренуге мүмкіндік беріңіз, мұндай тәжірибе аса құнды.

- Балаға қандай да бір міндеттер жүктеңіз және оларды орындауға араласпаңыз. Бұл жауапкершілік сезімін дамытады.
- Қолдау көрсетіңіз. Бала енді ғана жеке тұлға болып қалыптасуда және сіздің қамқорлығыңыз бен қолдауыңызсыз оған қиын болады.
- Баланың бостандығына нұқсан келтірмейтін ережелер орнатыңыз. Бақылау мен барлығына да рұқсат ету арасындағы алтын аралықты табу қажет. Жасөспірім дәл осы «бақыланатын еркіндік-




ке» мұқтаж, өйткені ол өзінің ересек болуын қаншалықты мақтан тұтса да, ол түпкі санасында әлі де тәрбиеленіп отырған бала ұстанымында қалып отыр.

- Жасөспірімді есейіп келе жатқан адам ретінде қабылдаңыз және ол неғұрлым есейген сайын, соғұрлым сізден алыстайды деген деректі қабыл алыңыз. Бұл бала тарапынан құрмет немесе алғыс жоқ дегенді білдірмейді, ол табысты түрде есею үшін дербес бола бастады.
- Баланың достарының немесе басқа да ересек адамдардың алдында ешқашан сынамаңыз және ұрыспаңыз – бұл қарсы шығу немесе өзін-өзі оқ-

шаулау әсерін тудыруы мүмкін.

- Жасөспірімге еркіндік беріңіз. Қозғалыс, әрекет және сөз бостандығы жасөспірімді өз-өзіне сенімдірек етеді.
- Әрқашанда жасөспірімге оны тыңдауға және қолдауға дайын екенін көрсетіңіз. Ересектер мен жасөспірімдер қарама-қарсы майдан шебінде деген өтірік аңыз, көбінесе ересектер мен балалар тығыз және сенімді қарым-қатынас орната алады.
- Баланың жетістіктерін бағалаңыз және дербес шешім қабылдауға ынталандырыңыз, бұл оған үлкен сенімділік алуға және есею кезеңін табысты бастан өткізуге көмектеседі.



## Жасөспірімдік мінез-құлықтың шынайы мақсаттары



**Тәлімгер:**

Аленка есейіп келеді. Бұл аса оңай емес уақыт болды. Ол менімен жиі дауласатын – жай ғана, ештеңе де туралы емес. Кейде кінә қояды. Менің одан көңілім қалды.

Өзімді әрең ұстап жүруге тура келді. Мен бәрі өзгеретінін, тек күту керек екенін білдім. Қазір жасөспірімнің көңіл-күйін гормондар анықтап тұр ғой. Жыныстық жетілу кезеңі аяқталады және бәрі қалпына келеді.



**Психолог:**

Көбінесе, ересектердің жасөспірімге деген қатынасы стереотиптерді қалыптастырады. Үлкендер жеңу мүмкін емес гормондардың барынша күшті әсерінен жасөспіріммен арада кикілжің болатынына сенімді және ол кезең өткенше күтуге дайын. Бұл дұрыс емес. Ересектердің күтулері мен жасөспірімдердің мінез-құлқының себептерін ажыратып алу маңызды.

Жасөспірімдер жасы өзінің ерекше ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар мүмкіндіктерімен де назар аударатынын есте сақтаған жөн. Дәл осы кезеңде адамның одан арғы өмірінің іргетасын қалауға болады. Ең бастысы – жасөспірім қандай да бір мінез-құлық көрсете отырып, қандай мақсаттарды көздегенін түсіну. Әрине, баланың өзі өзінің жаңа мінез-құлқының шынайы мақсаттарына есеп бермейді. Бірақ ересектерге жасөспірімдер көріністерінің мақсаты мен себептерін білу және түсіну маңызды.

### 1. Қоршаған ортамен өзара іс-қимылдың жаңа тәсілдерін іздеу

Үлкендерге бала үлкендердің қамқорлығынан босап, өз бетінше өмір сүруге ұмтылатын сияқты көрінеді. Жасөспірімдер де осылай ойлайтын тәрізді. Алайда:

- Олар өздерін қамтамасыз ету үшін жұмыс істегісі келмейді және қабілетті емес;

- Өз бетінше таңдау жасай алмайды (мысалы, оқу орнын немесе мамандықты таңдау кезінде);
- Олардың бұрынғы өмірінен бас тартуға әлі де батылдығы жетпейді.

Сондықтан жасөспірімдердің мінез-құлқы қарама-қайшылықты, кейде тіпті кереғар. Ал олардың мінез-құлқының себебі – қоршаған ортамен (құрдастарымен және ересектермен) қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін түзу. Әрине, олар енді, бала емес болған кезде, өзара қалай қарым-қатынас жасауды түсінбейді және білмейді, сондықтан да өзара қарым-қатынас жасау жолдарын қолдарынан келгенше іздестіреді.

Сонымен қатар, жасөспірімдерде тағы бір аса маңызды мақсат бар: басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде мінез-құлықтың тиімді алгоритмдерін табу және одан әрі пайдалануға болатын рөлдердің репертуарын жинақтау. Әлеуметтегі өмір өзгермелі жағдайларға тез бейімделуді, ұтқыр және икемді болуды талап етеді. Жасөспірім сынақтар мен қателерден өту әдісі арқылы өзіне қолайлы бетперделерді табады.

### 2. Шешімдер қабылдау дағдысын қалыптастыру

Жасөспірімдік жаста қақтығысты немесе наразылықты мінез-құлық байқалады. Бала үнемі «өз құқықтары үшін күресетін» адамға айналады. Сондай-ақ ол мұны елге көрсетіп, кейде айқайға басып және үнемі әдепті

түрде емес те жасайды. Әрине, мұндай мінез-құлықты жағымсыз және түзетуді қажет ететін ретінде қарастыру керек.

Бірақ дауласкер мінез-құлықтың мәні қандай? Психологтардың зерттеулері ол жасөспірімге шешім қабылдау дағдысын қалыптастыруға көмектесетінін көрсетті. Бұл өз өмірінің ұйымдастырудың дағдысы, бала достары мен ересектердің біреуін таңдауға мәжбүр болған кезде, оның қалайтын немесе талаптарға бағынатын жасөспірімдік кезеңінде қалыптасады.

Осы кезеңде ересектердің жасөспірім өміріне араласуы үлкен рөл атқарады. Адамның шешім қабылдауда қаншалықты еркін өскені: ол сайма-сай, заңға бағынатын, тәртіпті болатындығы немесе оның өмірі жеке тілегіне бағынышты болатындығы осыған байланысты болады.

### **3. Мінезді қалыптастыру және «гормоналды дауылдар»**

Ересектер жасөспіріммен қарым-қатынас жасағанда, көбінесе, қандай да бір іс-әрекеттердің себептерін



#### **Не істеу керек? Психологтар мен педагогтардың тәлімгерлерге кеңесі**

Есею кезеңі – өзін-өзі сәйкестендіру уақыты. Жас адам өзі үшін мынаны түсіну маңызды: «Ол кім?», «Ол қандай?», «Ол не істей алады?». Осы кезеңде жасөспірімдер өзін ержүрек кейіпкерлермен сәйкестендіруге тырысады. Тіпті бұл кейіпкерлер ойдан шығарылған болса да. Шын мәнінде, бұл адамның өзін-өзі «жасап алуына» көмектесетін ғажайып қабілеті. Психологтар бұл қабілетті «романтика басымдылығы» - жасөспірімнің батырлыққа, белгісіз, қауіпті жайларға, қызықты оқиғаларға ұмтылуы деп атайды.

Тәлімгерлерге жасөспірімдердің өздерін сәйкестендіруіне болатын адамдарды табуға (кімге ұқсас болу керек) деген ұмтылысын қолдау ұсынылады. Жасөспірімнің бұл ізденістерін бөлмедегі өз орнын қалай жайғастыратынын (түрлі әртістер, спортшылар, орындаушылардың және т.б. плакаттары мен постерлері), өзін қалай ұстайтынынан (сөйлеу және киіну үлгісі), немен айналысатынынан (қандай музыка тыңдайды, қандай фильмдер көреді, қандай кітаптар оқиды немесе қандай спортпен шұғылданады) көруге болады. Тәлімгер тарапынан осының барлығын мой-

түсіндіруге мүмкіндік болмаған кезде, сайма-сай емес, кейде тіпті оғаш мінез-құлықты байқауына тура келеді.

Мұндай мінез-құлықты балалар ішінде өршіп тұрған «гормоналды дауылға» жатқызуға болады. Ересектер кейде жасөспіріммен «байланысуға» және оның мінез-құлқын түзетуге тырысудың қажеті жоқ деп санайды – «өз-өзінен өтіп кетеді» деп есептейді.

Бұл олай емес. Ішкі секреция бездері шығаратын заттардың рөлін жоққа шығармай, мамандар жасөспірімдер миының ерекшеліктеріне бірінші орынды береді. Жасөспірім өз физиологиясының ойыншығы немесе кепілдемесі бола алмайды – ол өз мінез-құлқын бақылауға және тиісті шешімдер қабылдауға әбден қабілетті. Мұны арнайы зерттеулер мен бақылауларда растайды.

### **Ересектер жасөспірімдермен қабылдау мен сенімге негізделген тең қарым-қатынас орнатқан жерде балалар айтарлықтай жауапты, «ерсек» мінез-құлықты көрсетті.**

ындау оған таңдауының дұрыстығына деген сенім ұялатады, ашық әңгіме үшін ахуал құруға мүмкіндік береді және жауапкершілікке үйретеді.

Еліктеу үшін таңдап алынған жеке тұлға ақылға салып қарағанда аса сәтті емес болатын кездер де болады. Мысалы, жасөспірім жергілікті қылмыстық ортада «беделге» ие тұлғаға немесе өзінің агрессивті мінез-құлқымен танымал белгілі адамға ұқсас болуға ұмтылуы мүмкін. Бұл жағдайда, тәлімгер қамқорлыққа алған баласын кейіпкерінің «ержүрек еместігін» иландыру үшін көп күш жұмсауы керек.

Жасөспірім өміріндегі маңызды тұлғаның үлгісі ең тиімді болып табылады. Ол спорт секциясының жаттықтырушысы (жиі кездесетін мысал), тәлімгердің өзі, көркем немесе техникалық студияның жетекшісі бола алады. Яғни жасөспірімдерге әсер ете алатын нақты адам бола алады.

Бұл кезде жеткіншектер өз болашағы туралы ойлана бастайды. Жасөспірімді өмірдегі өз орнын іздеуде (ол кім болғысы келетіні) қолдау маңызды. Егер сіз оның не істей алатынын жақсы білсеңіз де, оған өз бетінше, сынақтар мен қателер жасау әдісімен өз таланттары мен қабілеттерін тануға мүмкіндік беріңіз, ол үшін сенім мен құрмет ахуалын жасаңыз. Кәсіби бағдар бойынша тестіден өтуді (мұндай тесттерді интернеттен емін-еркін табуға болады) ұсынуға немесе

жаңа заманауи мамандықтармен таныстыруға болады. Жасөспірімге кейіпкерлері өз ісінің кәсіби шебері болып табылатын фильмдерді көруді ұсыныңыз.

Жасөспіріммен қарым-қатынаста шынайы болыңыз және оған ересек тең адам ретінде қараңыз. Оның қалыптасушы тұлғасы мойындау мен құрметтеуді талап етеді. Оның осы қажеттілігін қанағаттандырыңыз.



## Мағыналық кедергі және «клиптік ойлау»



**Тәлімгер:**

Біз Алена екеуіміз бір-бірімізді жақсы көреміз. Мен бұған сенімдімін. Оның жасөспірімдік кезеңіне байланысты қиындықтарға қарамастан біз бір-бірімізге сенім білдіре араласамыз, Аленаға менің достығым қажет екенін білемін.



**Психолог:**

Өтпелі жас ағымын нашарлататын факторлардың бірі мағыналық тосқауыл құбылысы болып табылады. Бұл құбылыстың себебі ересек адам балаға әсер ете отырып, осы уақытта белсенді әрекет ететін қажеттіліктер мен ұмтылыстардың бар-жоғын ескермейтіні немесе есепке алмайтыны болып табылады. Нәтижесінде

балада өз қалауы мен одан ересек адамның талап ететіндерін орындау қажеттілігі арасында қарама-қайшылық туындайды. Көбінесе бала ересектердің белгілі бір қалауына саналы түрде жол бере алмайды, сол кезде оның ерекше қорғану реакциясы пайда болады: ол өзіне қойылған талаптарды естуді және түсінуді тоқтатады. Шын мәнінде, ол бәрін жақсы естиді, бірақ өзіне арналған сөздердің мағынасын қабылдамайды. Мағыналық кедергі қандай талаптар қойғанына қарамастан нақты адамға қатысты да және осы талапты кім қойғанына қарамастан нақты талапқа қатысты да туындауы мүмкін. Жасөспірімнің психикасы, тапсырманы орындау мүмкіндігі болмағандықтан, жай ғана бұл тапсырманы санадан ығыстырған кезде, былайша айтқанда, эмоциялық әткеншек пайда болады.

Жасөспірімнің санасына әсер етудің тағы бір факторы «клиптік ойлау» болып табылады. Бұл заманауи психологиядағы әлі толық зерттелмеген жаңа ұғым. Бұл құбылыс адам қоршаған әлемді көріністік, бытыраңқы, өзара байланысы аз бейнелер жиынтығы

Жақын уақыттан бері маған тағы бір міндетті шешуге тура келді: қыз бала мені түсінуден қалғанын байқадым. Ол мені естімейтіндей немесе сөйлесу желісін жоғалтып алады. Кейде біз әр түрлі тілде сөйлесіп тұрғандай әсерде боламын.

ретінде қабылдайтын ойлау түрі болып табылады. Клиптік ойлау қабілеті бар адам ақпараттың қысқа үзінділерімен ғана тиімді жұмыс істей алады және оған ауқымды әрі күрделі көлемді қабылдау қиынға соғады. Бұл құбылысқа, белгілі бір дәрежеде, барлық заманауи балалар мен жастар бейім.

Ақпараттың ауқымды көлемі қоршауындағы жасөспірімдер тек гаджеттерде ғана емес қысқа хабарламалармен қарым-қатынасқа үйренеді. Олардың ойлауы жарқыншақыт, аяқталмаған түрде бола бастайды. Бір тақырыптың мәнін түсінбей жатып, ол адам көргендерін және естігенін тез ұмытып, басқа тақырыпқа, содан кейін үшінші тақырыпқа өтеді. Клиптік сана жасөспірімді өмірді тұтастай емес, бір-бірімен байланысы жоқ әр түрлі оқиғалардың тізбегі ретіндегі қандай да бір бейнеклип түрінде қабылдауға мәжбүрлейді.

Мүмкін, мұндай ойлаудың өз артықшылықтары да бар шығар, бірақ көптеген кемшіліктері де бар – олардың бірі зейінді шоғырландыру, назар аудару қабілетінің төмендеуі болып табылады. Бұл жағдайда жасөспірімдер ақпаратты терең қабылдай алмайды, сондықтан мектептегі үлгерім төмендейді.

Бұл ересектердің жасөспірімге бірдеңені жеткізу, түсіндіру немесе жай ғана онымен сөйлесуінің қиындауының себебі болып табылады. Жас адамның санасы бір тақырыпты назарында ұстап тұруға қабілетті емес – ол алаңдайды, басқаға ауысады және нәтижесінде естігенін түсінбейді.





## Не істеу керек? Психологтар мен педагогтардың тәлімгерлерге кеңесі

Тәлімгерге қамқорлыққа алған баланың назарын қалпына келтіру оңайға түспейді. Бірақ байқап көру қажет.

- Кездесулер ережесін енгізіңіз – сөйлескен кезінде гаджеттерді пайдаланбау. Уақытты бір-біріңізге арнаңыз.
- Жасөспірімге өз өміріңізден алынған мағыналы немесе қызықты жағдайлар туралы айтыңыз – оның назарын қадағалаңыз. Егер бала алаңдай бастаса, оны сізді тыңдауға тартыңыз. Мысалы:
  - Күте тұр, қазір ең қызығы болады!
  - Ары қарай тыңда!
  - Бұл немен аяқталғанын тапшы?

- Назар аудару және зейінін шоғырландыру қабілетін қалпына келтіру үшін қамқорлыққа алған баланы оқуға қызықтырып көріңіз. Көбірек оқу және оқығанды талдау маңызды. Бұл өте күрделі. Қандай да бір қызықты шығарманы әңгімелеп айта бастап, содан кейін жасөспірімнің оқуға соңын өзі оқып алуын сұрау ұсынылады. Мүмкін, тәлімгерде баланы оқуға тартудың басқа тәсілдері табылып қалар – ең бастысы табанды болу.

- Бірге тамашалаған фильмдерді талқылау пайдалы. Шынында да талқылау, дауласу пайдалы. Пікірталастар ойлауға, қорытынды жасауға, дәлелдерді іздеуге үйретеді. Жасөспірімді пікірталасқа тарту үшін онымен дауласып, фильм сюжетін айтып беруге бастама жасаңыз.

- Есте сақтау ойындарын ойлап табыңыз, жасөспіріммен бірге өлең жаттаңыз. Жадты жаттықтыру ақпараттың үлкен көлемін меңгеру қабілетін дамытуға ықпал етеді.



## Сексуалдық даму



**Тәлімгер:**

Аленада талқылауға арналған жаңа тақырыптар пайда болды. Оны ерлер мен әйелдердің өзара қарым-қатынасы қызықтыра бастады. Әрине, ол: Ұл балаға қалай ұнау керек? Қалай танысуға болады? Ол қаншалықты тартымды? Интернетте

дос табуға болады ма? Деген қарапайым сұрақтар қойды. Сұрақтар көп болды. Енді алғашқы ғашық болуы кезі келген еді. Мен, тәлімгер ретінде, ол үшін қатты уайымдадым – бұл тек романтикалық ғана емес, қауіпті де кезең. Қарым-қатынастың алғашқы тәжірибесі қалай қалыптасады?



**Психолог:**

Аленаның тәлімгерлерінің қауіптенуі орынды. Жедел физиологиялық дамумен байланысты жүректің, өкпенің, мидың қанмен жабдықталуында қиындықтар туындайды. Сондықтан, жасөспірім жасында эмоциялық ая (фон) біркелкі емес, тұрақсыз болады. Эмоциялық тұрақсыздық жыныстық жетілу үдерісін сүйемелдейтін жыныстық қозуды күшейтеді. Жыныстық сәйкестендіру жаңа, жоғары деңгейге жетеді. Мінез-құлқындағы ер жүректілік пен әйелдік үлгілеріне бағдар және жеке қасиеттері көрінуі айқын байқалады.

Бірте-бірте дерексіз ынтызарлықтан эротикалыққа өсіп-жетілетін алғашқы ғашық болулар пайда болады. Жыныстық ұнату объектілеріне жанасу, жалаңаш денені зерттеу, құшақтасу, сүйісу тілегі пайда болады, көбінесе алғашқы жыныстық тәжірибе жинақталады.

Жасөспірімдер сенімсіз, ұялшақ болып, өз-өзінен тұйықталады, «ақ қарғаға» айналады, өзіне назар аударғысы келмейді. Ал өзіне сенімдірек замандастары арасында жарыс түрлері пайда болады, олар бір-біріне ұнау немесе өзіне назар аудару жолдарын іздейді. Бұл киетін киімінің өзіндік стилін іздеумен, көбіне имиджін толық өзгертумен, еркіндікпен, кейде тіпті кейбір дөрекілікпен немесе жаман әдеттердің пайда болуымен қатар жүреді.

Өзін-өзі дәлелдеу тәсілдерін іздеу кейде мағынасыздыққа жетеді – жасөспірімдер сенімді және барынша емін-еркін болу үшін спирттік ішімдіктерді іше бастайды. Бұл тек қана ұлдардың ғана емес, қыздардың да басында болады. Көп жағдайда, қыздар жастар компаниясына «қабылдану» үшін, елдің көзінше де шылым шегеді, қалыптан тыс лексиканы пайдаланады.



## Не істеу керек? Психологтар мен педагогтардың тәлімгерлерге кеңесі

Балалар мекемелерінде тұратын жасөспірімдерге міндетті түрде олардың денесінде болып жатқан өзгерістер туралы айтылады. Тәлімгерлер өз қамқорлығына алған балаларды жыныстық жетілу сияқты өмірдің маңызды кезеңіне дайындаудың қажеті жоқ.

Жасөспірімдер өздерінің ересек достарынан жігіттер немесе қыздармен қарым-қатынас құру жөнінде нұсқаулар және кеңестер күтетіні басқа мәселе. Бұл кезеңде қамқорлыққа алған баланы осындай сұрақтармен, қорқынышымен және күмәнмен бетпе-бет оңаша қалдырмау маңызды. Тәлімгер ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастың шынайы мәнін жасөспірімге барынша дұрыс жеткізуі қажет. Әйел адам мен ер адам ұғымдарын адам болмысының негізгі құндылығы ретінде түсіндіруі керек. Бұл жасөспірімдерге өзін ер немесе әйел адам ретінде анықтауға және қабылдауға көмектеседі.

Көп жағдайда жасөспірімдер өздерінің сексуалдылығын айқын көрсетеді: қыздар әлем-жәлем боянады, ашық-шашық киім киеді, ұлдар ер-азамат екенін дәрекілікпен және әдепсіз әзілдермен, тұспалдармен көрсетеді. Тәлімгер баланың өзін осылай ұстауын міндетті түрде байқайды. Көргенін немесе естігенін байқамағандай күйде қалдырмау маңызды. Жасөспіріммен оның мінез-құлқын немесе сыртқы түрін талқылау қажет. Дәл солай талқылау қажет – ақыл беру немесе сын айту ашу мен наразылық тудыруы мүмкін. Жасөспірімге махаббат, секс, тәлімсу, нәпсіқұмарлық ұғымдарын түсіндіруге тырысыңыз. Бұл қиын, бірақ, олай болмаған жағдайда, жас адам өз бойындағы байқалған сексуалдық белгілерден абдырып қалуы мүмкін. Егер қамқорлыққа алынған бала өте жеке, «интимді» сұрақтар қойса, онда жауаптар жасөспірім түсінігі үшін оңай болуы тиіс, сонда ғана олар қосымша сұрақтар тудырмайды. Егжей-тегжейін түгендеу міндетті емес: жасөспірімге тек нақты осы сәтте қызығушылығын тудырған сұрақтарға ғана жауап беру керек, тек ол не туралы сұрағанын ғана айту керек. Қысқа және анық түрде.

## 6 Гаджеттер



Тәлімгер:

Мені Аленамен байланысты тағы бір мәселе толғандырды. Маған оны смартфоннан ажырату қиын болды. Бізде үнемі

талқылау үшін қызықты тақырыптар, шұғыл атқарылуы тиіс істер бар сияқты еді, бірақ оған экраннан басын көтеруі қиын болды. Осы мәселеге байланысты психологқа жүгіндім.



Психолог:

Бұл мәселе барлық ересектерге таныс. Кейде ересектердің өздері де хат жазысудың немесе ақпарат іздеуден бас ала алмай қалады.

Барлық тәлімгерлерге клиникалық психолог, франк тілінде сөйлейтін елдерде балаларды тәрбиелеу туралы көптеген кітаптардың авторы Изабел Филлоз әдісімен танысуды ұсынамын.

# ЖАСӨСПІРІМДІ ГАДЖЕТТЕН ҚАЛАЙ АЖЫРАТУҒА БОЛАДЫ?

## Изабел Филлоз әдісі

**А**дам (бала ғана емес, ересек адам да!) фильмді көріп отырғанда немесе компьютерлік ойынды ойнаған кезде ойша басқа әлемде болады. Экрандар біздің миымызға гипноздық түрде әсер етеді. Жарық, дыбыстар, суреттердің ауысуы – осының барлығы бізді ағымда жүргендей жағдайға түсіреді. Біз өзімізді жақсы сезінеміз де, басқа ештеңе істегіміз келмейді. Сондай-ақ, әрине, біз жағдайдың өзгергенін қаламаймыз. Осы сәтте біздің миымыз дофамин-нейромедиатор шығарады, оның мақсаты – титықтау мен ауырсынуды жою. Барлығы дұрыс, бірақ әзірше, экран қосылу тұрғанда ғана. Біз гаджетті кенеттен және ескертусіз өшіргенде, дофамин деңгейі күрт құлдырайды, бұл дененің ауырсыну сезімін тудырады десек артық айтқандық емес. Бұл гормоналды құлдырау және оған байланысты физиологиялық жайсыздық – дәл осы сәтте баланың есірігі ұстауы мүмкін.

Ересектер гаджетті өшіретін уақытты анық белгілеп қойғаны да маңызды емес. Олар үшін бұл түсінікті, бірақ жасөспірім үшін – жоқ. Экранның алдында отырып, ол ересек ретінде ойлауға және ақпаратты сырттан дұрыс қабылдауға қабілетті емес. Баланың миы дофаминде «шомылуда», есіңізде ме? Смартфонды, компьютерді немесе планшетті өшірген кездегі оның сезімдері физикалық ауырсынуды еске түсіреді – бұл нейропсихология тілімен айтқанда осылай бастан өтуі мүмкін.



**Не істеу керек?  
Психологтар мен  
педагогтардың  
тәлімгерлерге кеңесі**

**Е**гер сіз баланың экранға қарап отыруын тоқтату керек деп шешсеңіз, алдымен оның әлеміне кіріп, жанында болып көріңіз. Онымен бірге теледидарды қараңыз немесе компьютерлік ойын ойнаған кезде көрші орындықта отыра тұрыңыз. Мұны ұзақ уақыт жасаудың қажеті жоқ,

жарты минутта жеткілікті. Жай ғана оның жасап отырғанын бөлісіп орындаңыз.

Содан кейін сұрақ қойыңыз. Кейбір жасөспірімдерден: «Сен не көресің?» деп сұрай аласыз. Басқаларға бұдан да нақтырақ сұрақтар талап етіледі: «Қазір ойынның қандай деңгейіндесің?» немесе «Артқы жағындағы кейіпкер қандай қызықты. Кім бұл?».

Әдетте балаларға үлкендерді олардың әлемді қызықтырғаны ұнайды. Бірақ егер бала әлі де экранда болып жатқан жағдайға жұтылып кетсе және үн қатпаса да, берілмеңіз. Онымен біраз ұзағырақ отырыңыз, содан кейін тағы бір сұрақ қойыңыз.

Жасөспірім сіздің сұрақтарыңызға жауап бере бастағанда немесе ол не көргенін немесе не ойнайтынын айта бастаған соң ол бірте-бірте виртуалды әлемінен шынайы әлемге қайтып келеді дегенді білдіреді. Ол ағымдағы күйінен шығып, қайтадан сіздің бар екеніңізді байқай бастайтын кеңістікке оралады – алайда ол баяу жүреді. Дофамин бұл жағдайда күрт құлдырамайды, өйткені сіз виртуалды және нақты әлем арасында көпір салдыңыз. Сіз сөйлесуді бастауыңызға болады және бұл жерде сиқырлы дүниелер өтіп жатыр.

Осы сәтте сіз жасөспірімге кешкі ас ішетін уақыт болғанын немесе шаруалармен кететін уақыт болғанын айта аласыз немесе жай ғана гаджетті пайдалану уақыты аяқталды деп ескертесіз. Сіз жасөспірімді шынайы өмірге жеткілікті түрде жұмсақ қайтарғаныңыздың арқасында ол сіздің өтініш тыңдайтындай және жауап беретіндей жағдайда болады. Ол тіпті ересек адамның өзіне назар аударғанына шын жүректен қуанып, өзінің гаджетті өшіргісі келуі мүмкін.



Изабел Филлоз алгоритмі:

- Жасөспірімнің жанында 30 секунд, бір минут немесе сәл ұзағырақ отыру және ол не қарап (істеп) отырғанын бақылау;
- Экранда не болып жатқаны туралы сұрақ қою. Балалардың көпшілігіне ересектердің назар аударғаны ұнайды және олар сіздің сұрағыңызға жауап береді;
- Егер сіз диалогқа қол жеткізе алсаңыз, көпір салдыңыз деп есептей беріңіз – ол сіздің қамқорлыққа алған балаңызға виртуалды әлемнен нақты әлемге бірте-бірте, гормондық секіріссіз, яғни айқай-шусыз және дау-дамайсыз қайтып келуге көмектеседі;
- Күннің қалған уақытын бірге рахаттана пайдалану.

Есеюдің қиын үдерісінің барлық ерекшеліктерін ескере отырып, тәлімгерлер шыдамды болуы керек, жасөспірімде туындаған кез келген, тіпті болмашы мәселелерге мұқият болуы және сезімталдық танытуы қажет. Егер жасөспірімді алаңдататын ұсақ-түйектен бас тартсаңыз немесе ыңғайсыз сұрақтарға «үндемей қалсаңыз», оның бойында жалғыздық пен қажетсіздік сезімін тудыруға болады. Мұндай жасөспірімдік кезең тәрізді құбылыс ерте ме, кеш пе болатынын, бірақ баланың ересек адамға айналуы қаншалықты жұмсақ және тыныш болғанына байланысты, көп жағдайда оның әрі қарайғы өмірі анықталатынын есте ұстау қажет.

Табыс тілейміз!



«Тәлімгерлер» жобасы «ДАРА» қорының негізгі жобаларының бірі болып табылады. Жоба жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларға өзінің өмірлік әлеуетін және дербес өмір сүру дағдыларымен және икемділігін қалыптастыруға ересек ерікті-тәлімгермен қарым-қатынас жасау арқылы көмектесуге мақсатталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында әрбір балалар үйіндегі баланың өзінің жеке ересек досы және тәлімгері болады деп жоспарлануда.

«Дара» қоры – балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға өмір жағдайының жақсаруына және балалардың даму мүмкіндіктерін кеңейтуге, сонымен қатар Қазақстанда инклюзияның дамуына бағытталған жобаларды жүзеге асырушы, жеке қайырымдылық қоры.



@dara.nastavniki

Бізге әлеуметтік желілерде қосылыңыздар!



YouTube

@dara.charity